

Егемен Кыргызстан

Алатаудың бұлбулына арналды



Қырғыз халқының шоң ақыны, саңлақ сазгері әрі әншісі Токтағұл Сатылғановтың туғанына 150 жыл толу тойы ЮНЕСКО тізіміне кіріп, кеңінен аталуда.

Қырғыз жұртының айтулы ақыны, жыршысы, сазгері, үстем күштің талай тауқыметін тартқан Токтағұл Сатылғановтың 150 жылдық мерейтойы елордадан бастау алды. Бір замандары: «Қазақ пен қырғыз бір туған, айналдым қазақ елінен», деп өзі айтқандай, бұл атаулы шараға Түркі академиясы ұйытқы болғанын айта кетсек дейміз.

Алғашқы сөзді академияның президенті Дархан Қыдырәлі алып: «Түркі академиясының басты мақсаттарының бірі – Түркі әлеміне ортақ тұлғаларды түгендеу, еңбектерін жинақтау, соңғы буынға таныту», деді.

Шынында, елдіктің арқасында түп тамыры бір түркі жұрты осындай бір әдемі үрдісті жалғастыру үстінде. Айтулыларының мерейтойларын бір елдің шеңберімен шектеп қалмай, осылайша қолдаса көтеріп жатуы мерейінді өсіреді екен. Бұған Қырғыз елінен арнайы келген Мәдениет, ақпарат және туризм министрі Кәмила Талиеваның сөзі дәлел болғандай. Ол бір замандары Токтағұл Сібірге айдалып, сол жақтан еліне қайтқанда қазақ топырағына табан тіреп, Сарыарқаны кесіп өтіп, Балқаш бойын жағалап келе жатқанда

бауырлары ыстық құшағын ашып, қамқор болғанын тілге тиек етіп, мерейтойын елордада бастап кетуі туыстықтың жарасымы деп тебіренді. Осыдан соң қонақтардан тағы да профессор Магира Амердинова, Қырғыз халық әртісі Саламат Садықова және Анаш Қадырова сынды белгілі руханият өкілдері Тоқтағұл әлемін әңгімеледі. Қазақ елі жағынан Түркі ақсақалдар кеңесінің мүшесі Әділ Ахметов қазақ пен қырғыздың арасындағы достық жайын тереңнен қозғап, Мұхтар Әуезов пен Шыңғыс Айтматовтың сыйластық сәттеріне тоқталды. Ал ақын Өтеген Оралбаев Тоқтағұл туралы кең толғанып айтты (сөздің нұсқасы газетте беріліп отыр). Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, қырғыз бен қазақ әдебиетін жан-жақты зерттеп, келелі пікірлер айтып жүрген Бауыржан Омарұлы Тоқтағұл Сатылғановтың шығармашылығына тереңдеп барып, Жамбыл, Тоқтағұл, Кенен, басқа да тау тұлғалы алыптарымыз туралы ағынан жарылып, бұлардың бәрі адамдық биіктен адамзаттық биікке көтерілгенін нақты дәйектермен алға тартты. Академиктер Сейіт Қасқабасов пен Ғарифолла Есім, көрнекті ақын Несіпбек Айтұлы екі елдің арасына алтын көпір болған ақын-жыраулар, қоғам қайраткерлері жайлы пікірлерін білдірді. Тоқтағұл Сатылғановтың 150 жылдық мерейтойына арналған арнайы медалін зерделі әдебиеттанушы Бауыржан Омарұлының өңіріне тағылды. Соңы Түркі академиясының жанынан құрылған «Қорқыт» ансамблі мерейтойға шашу ретінде қазақ күйлерін асқақтатып, Тоқтағұлдың әсем саздарын әуелетті.

Сүлеймен МӘМЕТ